ӘОЖ 347.94
ҒТАМР 10.31.35

https//doi.org/10.63546/3005-2246.2026.13.1.018

ДАУБАСОВ Байдаулет Сабитұлы
Заң ғылымдарының магистрі, Алматы облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маман-сот мәжілісінің хатшысы

БЕЛХОЖАЕВА Динара Жомартовна*
PhD доктор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті құқықтану кафедрасының аға оқытушысы

ДАУБАСОВ Сабит Шынжрханович
Заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ЕНГІЗУ

Аңдатпа. Жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы құқықтық жүйелерді тиімді бейімдеуге жаңа талаптар қояды. Зерттеудің мақсаты азаматтық іс жүргізу заңнамасы шеңберінде жасанды интеллекті қолдану үшін негіз болып табылатын қолданыстағы құқықтық тетіктердің тиімділігін бағалау болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын жасанды интеллекті реттеу жүйесіне адалдық және құқықтық сенімділік интеграциясын қарастыруға ерекше мән берілді. Бұл қазіргі заманғы тәжірибелердің негізгі құқықтық қағиадаттары мен заңның үстемдігіне сәйкестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Жасанды интеллекті енгізудің шетелдік стратегияларын салыстырмалы талдау тәсілдердің әртүрлілігін, сонымен бірге өзара толықтырылуын анықтады. Бұл азаматтық сот ісін жүргізу жүйелерінің жаңа технологияларды енгізуге жоғары бейімделуін көрсетеді. Сонымен қатар, дәстүрлі жауапкершілік модельдерін жасанды интеллект қабылдаған шешімдермен үйлестіру, сондай-ақ әртүрлі юрисдикцияларда нормалардың біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мәселелері құқықтық реттеудің бірқатар өзекті мәселелерін анықтады. Зерттеу нәтижесінде азаматтық-процестік базаны жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді. Көрсетілген ұсынымдарды практикалық іске асыру құқық қолдану және норма шығару қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің негізділігі мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері ЖИ-ді құжаттарды сараптау, істерді сұрыптау, сот шешімдерін модельдеу сияқты нақты бағыттарда қолдануға жол ашады.

Түйін сөздер: сот, сот әділдігі, азаматтық іс жүргізу, сот шешімі, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект

* *Автормен хат-хабар алмасу: dinar_15@list.ru*

ДАУБАСОВ Байдаулет Сабитулы
Магистр юридических наук, главный специалист-секретарь судебного заседания специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области

БЕЛХОЖАЕВА Динара Жомартовна
Доктор PhD, старший преподаватель кафедры юриспруденции Казахского национального педагогического университета имени Абая

ДАУБАСОВ Сабит Шынжрханович
Кандидат юридических наук, старший преподаватель кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики Казахского национального университета имени аль-Фараби

ВНЕДРЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СИСТЕМУ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Аннотация. Стремительное развитие технологий искусственного интеллекта предъявляет новые требования к эффективной адаптации правовых систем. Цель исследования заключается в оценке эффективности действующих правовых механизмов, являющихся основой для применения искусственного интеллекта в рамках гражданского процессуального законодательства. Особое значение придавалось рассмотрению интеграции ключевых принципов гражданского судопроизводства честности, соразмерности и правовой достоверности в систему регулирования искусственного интеллекта, что позволило определить степень соответствия современных практик базовым правовым принципам и верховенству закона. Сравнительный анализ зарубежных стратегий внедрения технологий искусственного интеллекта выявил разнообразие, но одновременно и взаимодополняемость подходов, что свидетельствует о высокой адаптивности систем гражданского судопроизводства к внедрению новых технологий. Кроме того, вопросы гармонизации традиционных моделей ответственности с решениями, принимаемыми искусственным интеллектом, а также обеспечение единообразного применения норм в различных юрисдикциях выявили ряд актуальных проблем правового регулирования. По результатам исследования разработаны научно обоснованные рекомендации по совершенствованию гражданско-процессуальной базы, направленные на повышение эффективности и обоснованности внедрения технологий искусственного интеллекта в правоприменительную и нормотворческую деятельность. А также открывают возможности применения искусственного интеллекта в таких конкретных направлениях, как анализ документов, классификация дел и моделирование процессуальных решений.

Ключевые слова: суд, правосудие, гражданское производство, судебное решение, цифровые технологии, искусственный интеллект.

DAUBASSOV Baydaulet Sabituly
Master of Law, Chief Specialist Secretary of the Judicial Session of the Specialised Interdistrict Court for Juvenile Cases of the Almaty Region

BELKHOZHAYEVA Dinara Zhomartovna
PhD, Senior lecturer at the Department of Jurisprudence of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai

DAUBASSOV Sabit Shynzhrkhanovich
Candidate of Legal Sciences, Senior Lecturer at the Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of the Al-Farabi Kazakh National University

IMPLEMENTING ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN CIVIL PROCEEDINGS

Abstract. The rapid development of artificial intelligence technologies poses new challenges for the effective adaptation of legal systems. The purpose of this study is to assess the effectiveness of existing legal mechanisms that form the basis for the application of artificial intelligence in civil procedural

law. Particular importance was attached to the consideration of the integration of the key principles of civil proceedings fairness, proportionality and legal certainty into the system of regulation of artificial intelligence, which made it possible to determine the degree of compliance of current practices with basic legal principles and the rule of law. A comparative analysis of foreign strategies for the introduction of artificial intelligence revealed diversity, but at the same time complementarity of approaches, which indicates the high adaptability of civil justice systems to the introduction of new technologies. In addition, issues related to harmonising traditional models of liability with decisions made by artificial intelligence, as well as ensuring uniform application of norms in different jurisdictions, have revealed a number of pressing problems in legal regulation. Based on the results of the study, scientifically sound recommendations have been developed to improve the civil procedural framework, aimed at increasing the effectiveness and validity of the introduction of artificial intelligence technologies in law enforcement and rule-making activities. They also open up opportunities for the application of artificial intelligence in such specific areas as document analysis, case classification, and procedural decision modeling.

Keywords: court, justice, civil proceedings, court decision, digital technologies, artificial intelligence

Кіріспе

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық өмірдің барлық салаларына, соның ішінде құқықтық жүйеге де елеулі әсерін тигізуде. Жасанды интеллект (ЖИ) әртүрлі аспектілерге әсер ететін қуатты трансформациялық күшке айналып [1], сот ісін жүргізу процесін жетілдірудің тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылып отыр. ЖИ негізіндегі шешімдерді сот тәжірибесіне енгізу әлемнің дамыған елдерінде қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Бұл өз кезегінде сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ процестік тиімділікті арттыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы да осы жаһандық үрдістерден шет қалмай, сот жүйесін цифрландыру және заманауи технологияларды енгізу бағытында бірқатар қадамдар жасап жатыр.

2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында[2] азаматтық процестік құқықты жаңғырту және жетілдіру қажеттігі атап өтілген. Аталған құжатта қазіргі заманғы әлеуметтік қатынастарға барабар құқықтық реттеуді қамтамасыз ету мақсатында инновациялық цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллекті қолданудың өзектілігі көрсетілген. Осыған байланысты ұлттық заңнамаға жасанды интеллект қолдану нәтижесінде азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған тетіктердің жеткіліктілігі тұрғысынан талдау жүргізудің маңызы артып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауында[3] жасанды интеллектің ел дамуындағы шешуші рөлін ерекше атап өтті. Президенттің айтуынша, цифрлық технологияларды, әсіресе ЖИ-ді барлық салаларға кеңінен енгізу экономикалық өсудің жаңа драйверіне айналуы тиіс. Бұл сот жүйесін қоса алғанда, мемлекеттік басқару салаларын тиімді жаңғыртудың басты бағыты.

Азаматтық сот ісін жүргізу процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу елеулі мүмкіндіктермен қатар, күрделі құқықтық және институционалдық сын-қатерлерді де туындатады. Англо-саксондық құқық жүйесінде сот шешімдері прецедентке негізделсе, Қазақстан континенталдық құқықтық жүйеге тән кодификацияланған нормалар мен қағидаттарға сүйенеді. Бұл ерекшелік ЖИ-ді ұлттық құқықтық ортаға бейімдеу үдерісіне, әсіресе іс жүргізу әрекеттерін автоматтандыру, дәлелдемелерді талдау және сот актілерін негіздеу мәселелеріне тікелей ықпал етеді.

ЖИ технологияларының жаһандық таралуы оларды құқықтық реттеу, жауапкер-

2 «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674 (жүгінген күні: 16.08.2025).

3 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауы // URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (жүгінген күні: 16.08.2025).

шілік шектерін айқындау, адам құқықтарын сақтау және әділ сотқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты ғылыми пікірталастарды [2; 68-80 б.] күшейтті. Азаматтық іс жүргізу саласында ЖИ-дің процестік тиімділікті арттыру әлеуеті мен оның теңдік, заңдылық және әділдік қағидаттарына ықпалы ерекше назар аударуды талап етеді [3; 81 б.].

Азаматтық сот ісін жүргізуде ЖИ-ді құқықтық реттеудің өзектілігі бірнеше мән-жаймен негізделеді. Біріншіден, азаматтық істер сот жүктемесінің басым бөлігін құрайды және әлеуметтік-экономикалық қатынастардың кең ауқымын қамтиды, бұл процестерді цифрландыруға объективті алғышарттар жасайды. Екіншіден, азаматтық процестің құжаттық сипаты мен құқық нормаларын формалды қолдану ерекшелігі деректерді алгоритмдік талдау мен стандартталған рәсімдерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, азаматтық даулар жеке тұлғалардың мүліктік және мүліктік емес құқықтарына тікелей әсер ететіндіктен, сот төрелігінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету стратегиялық маңызға ие.

Сонымен қатар ЖИ-ді енгізу іс қарау мерзімдерін қысқартуға және процестік қателіктерді азайтуға ықпал етуі мүмкін болғанымен, оны қолдану құқықтық, этикалық, техникалық және ұйымдастырушылық сипаттағы тәуекелдермен ұштасады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі шеңберінде ЖИ технологияларын азаматтық сот ісін жүргізуге тиімді әрі қауіпсіз енгізудің ғылыми негізделген тетіктерін айқындау өзекті міндет болып табылады.

Осы зерттеудің мақсаты – азаматтық сот ісін жүргізу саласына ЖИ технологияларын енгізудің құқықтық және тәжірибелік аспектілерін кешенді талдау негізінде процестің тиімділігін арттыру мен құқықтық реттеуді жетілдіру бағыттарын ұсыну. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін халықаралық тәжірибені жүйелеу, ұлттық құқықтық және институционалдық базаны саралау, ЖИ-дің процестік көрсеткіштерге ықпалын бағалау, сондай-ақ оны қолдану барысында туындайтын құқықтық және этикалық мәселелерді анықтау міндеттері қойылады.

Материалдар мен әдістер

Жұмыстың әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер құрады. Зерттеуде **жүйелілік әдісі** қолданылып, жасанды интеллект азаматтық сот ісін жүргізу жүйесінің құрылымдық элементі ретінде қарастырылды. Бұл тәсіл ЖИ технологияларын құқықтық реттеу, сот төрелігінің қағидаттары және институционалдық құрылымдармен өзара байланыста талданылды. **Құрылымдық-қызметтік әдіс** ЖИ-дің азаматтық процестегі функционалдық рөлін айқындау мақсатында пайдаланылды. Аталған әдіс арқылы ЖИ жүйелерінің іс жүргізу құжаттарын қалыптастыру, деректерді талдау, процестік мерзімдерді бақылау және шешім жобаларын модельдеу сияқты қызметтері сараланды. **Салыстырмалы-құқықтық әдіс** шетелдік мемлекеттердің сот жүйесінде ЖИ қолдану тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ ғылыми пікірталастарды талдау барысында қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі құқықтық жүйелердегі реттеу тәсілдерін салыстыруға, сондай-ақ оларды Қазақстанның құқықтық жүйесіне бейімдеу мүмкіндігін бағалауға негіз болды. **Формалды-құқықтық әдіс** қолданыстағы ұлттық заңнаманың, оның ішінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің нормаларын толықтыру үшін пайдаланылды. Бұл әдіс ЖИ-дің құқықтық мәртебесін айқындауға, оны «судьяның электрондық көмекшісі» ретінде бекіту мүмкіндігін негіздеуге және тиісті заңнамалық өзгерістердің мазмұнын тұжырымдауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында **талдау**, сондай-ақ құқықтық модельдеу әдісі де қолданылды. Құқықтық модельдеу азаматтық процестік заңнамасына ұсынылған 56-5-баптың ықтимал мазмұнын қалыптастыру үшін қолданылды.

Зерттеудің материалдық базасын: Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасы, сот практикасының ашық материалдары, мемлекеттік бағдарламалық құжаттар, шетелдік құқықтық актілер, отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдар құрады. Дереккөздер ғылыми негізділік, өзектілік және зерттеу мақсатына сәйкестік қағидаттары негізінде іріктелді.

Начало формы

Конец формы

Нәтижелер

Қазіргі уақытта отандық сот ісін жүргізу процесі инновациялық цифрлық технологиялар мен ЖИ мүмкіндіктерін белсенді

пайдалану арқылы жаңа сапалық деңгейге өтіп келеді. Бұл технологиялар тек процестің жеделдігі мен қолайлылығын арттырумен шектелмей, сонымен қатар сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз етуге, артық бюрократиялық кедергілерді қысқартуға және құқықтық мәдениетті нығайтуға ықпал етіп жатыр. Осы орайда, Қазақстан Республикасының сот жүйесін цифрлық трансформациялау тек технологиялық жаңғырту ғана емес, сонымен қатар терең институционалдық реформалардың құрамдас бөлігі ретінде сипатталады. Жасанды интеллекті азаматтық сот процесіне енгізу сот жүйесінің тиімділігін арттыруда және құқықтық қолжетімділікті қамтамасыз етуде айтарлықтай әлеуетке ие. Осы бағытта зерттеу нәтижесінде азаматтық сот ісін жүргізу саласына жасанды интеллект технологияларын енгізудің тиімділігі мен мүмкіндіктері қарастырылып, әлемдік тәжірибелер негізінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

Процестік тиімділіктің артуы ЖИ технологияларын қолдану азаматтық сот процестерінің ұзақтығын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Істерді автоматты түрде сұрыптау, құжаттарды сараптау және алгоритмделген шешім жобаларын әзірлеу процестері судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетеді.

ЖИ технологияларын қолдану адамдық фактордың ықпалын белгілі бір деңгейде төмендетуге және шешім қабылдау процесінің бейтараптығын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында талданған бірқатар мемлекеттердегі пилоттық жобалардың нәтижелері ЖИ құралдарын пайдалану сот актілеріндегі субъективті бағалау элементтерін қысқартуға ықпал ететінін көрсетеді [4: 23; 5: 131; 6: 50 б;]. Дегенмен, мұндай технологияларды енгізу сот төрелігінің түпкілікті нәтижесіне жауапты субъект ретінде судьяның жетекші рөлін сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Құқықтық сараптама мен болжам жасау ЖИ негізіндегі жүйелер алдыңғы сот істерін талдап, ұқсас істер бойынша шешімдердің ықтимал нәтижелерін болжай алады. Бұл құқық қорғау органдарына, адвокаттарға және тараптарға процестік стратегияларды алдын ала жоспарлауға көмектеседі.

Құқықтық қолжетімділіктің артуы ЖИ құралдары азаматтардың сотқа жүгінуін жеңілдетіп, құқықтық сауаттылығын арттыра алады. Автоматтандырылған құқықтық көмек құралдары қарапайым азаматтарға өз құқықтарын түсініп, заңға сай әрекет етуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, ЖИ-ді енгізу барысында құқықтық, этикалық және технологиялық шектеулер де бар екені анықталды. Атап айтқанда: ЖИ-дің шешім қабылдау негіздерін ашық көрсетпеуі (түсіндірілмейтін алгоритмдер мәселесі), дербес деректерді қорғау проблемалары, заң шығармашылығы мен құқықты қолдануда адамның рөлін сақтау қажеттілігі **анықталды.**

Сонымен, Қазақстан Республикасының цифрлық даму стратегиясына сәйкес, ЖИ технологияларын сот жүйесіне кезең-кезеңімен енгізу үшін құқықтық және инфрақұрылымдық негіз қалыптасуда. Алайда толыққанды енгізу үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бағытында ЖИ-ді «судьяның электрондық көмекшісі» ретінде заңнамалық тұрғыда бекіту қажет. Бұл үшін ҚР Азаматтық процестік кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, ЖИ-дің сот төрелігін жүзеге асыруға араласпайтын, тек қосалқы функцияларды атқаратын көмекші құрал ретінде мәртебесін айқындау қажет.

Талқылау

Халықаралық индекстерге сәйкес, Қазақстан сот жүйесін цифрландыру деңгейі бойынша әлем елдерінің арасында төртінші орынға ие, бұл жүргізіліп жатқан реформалардың жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын айғақтайды [7].

Қазақстанның цифрландыру саласындағы елеулі жетістіктерінің бірі ретінде «Төрелік» кешенді ақпараттық-талдау жүйесінің іске қосылуын атап өтуге болады [8; 415 б.]. Бұл жүйе сот ісін жүргізуді, құжат айналымын, сот қызметін жоспарлау мен сот статистикасын талдауды автоматтандыруды қамтамасыз етіп, ЖИ элементтерін дәйекті түрде жетілдіруді көздейді.

Азаматтық сот ісін жүргізуде жасанды интеллекті қолдану мәселелерін ғылыми тұрғыда қарастырған зерттеушілердің бірқатары ЖИ-ді «судьяның электрондық көмекшісі» ретінде тану қажеттігін ұсынады [9; 178 б.]. Ал басқа авторлар ЖИ-дің сот төрелігін жү-

зеге асырудағы рөлін зерттей отырып, адам бақылауының сақталуының маңыздылығына баса назар аударады [10; 146 б.]. Кейбір зерттеулерде ЖИ-дің еңбек және іс жүргізу қатынастарына енгізілу мәселелері қарастырылып, адам санасы мен ЖИ арасындағы айырмашылықтарға байланысты сыни пайымдар келтіріледі [11; 23 б.]. Жалпы алғанда, ғылыми зерттеулерде ЖИ қолданудың жалпы қағидаттары қарастырылғанымен, нақты құқықтық реттеу тетіктері мен өлшемшарттары жеткілікті деңгейде әзірленбеді.

Демек, осы мәселе бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің жалпы деңгейі жеткілікті дәрежеде дамымаған деп бағаланады. ЖИ ұғымына және оның негізгі функцияларына қатысты теориялық анықтамалар ұсынылғанымен, сот практикасында оны қолданудың бірыңғай тәсілдері мен нақты критерийлері әзірленбеді. ЖИ-ді құқықтық салада пайдалануға байланысты этикалық қағидалар (ашықтық, адам бақылауының сақталуы және т.б.) Еуропалық Одақ елдерінде тұжырымдалғанымен, бұл принциптер Қазақстанның ұлттық заңнамасында нақты көрініс таппаған. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Халықаралық кеңес сот төрелігін цифрландыру мәселелері жөнінде ЖИ-ді сот практикасына енгізу барысында Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссия (CEPEJ) әзірлеген Жасанды интеллекті қолдануға арналған Еуропалық этикалық хартияда көзделген стандарттарды сақтау қажеттігін ұсынады[4].

Халықаралық тәжірибе де бұл мәселеде елеулі қызығушылық тудырады. Мәселен, Қытай мен Эстонияның пилоттық жобалары ЖИ-дің процестік тиімділігін арттырудағы рөлін көрсете отырып, сонымен қатар киберқауіпсіздік, қателіктерге жол беру және технологиялық тәуелділік секілді тәуекелдерді де айқындаған. Дегенмен, елімізде де бұл бағыттағы жұмыстар белсенді жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда ЖИ элементтерін пайдалану арқылы сот шешімдерінің жобаларын қалыптастыруға арналған сервистің прототипі әзірлену сатысында. Сонымен қатар, интернет арқылы жасалатын алаяқтық, қаржылық операциялар, электрондық мәмілелер және интернет-компаниялардың қызметіне байланысты дауларды қарастыру мақсатында екі мамандандырылған интернет-сот құру жоспарланып отыр. Бұл интернет-соттарда іс жүргізу толығымен цифрлық форматта, заманауи IT-шешімдер мен ЖИ элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады [12].

Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің қатысуымен қабылданған сот шешімдеріне қатысты сот тәжірибесі әлі қалыптаспаған, бұл өз кезегінде мұндай технологиялардың қолданылу салдарын толыққанды бағалауды қиындатады. Сонымен қатар, ЖИ-дің азаматтық процестегі мәртебесі жеткілікті деңгейде зерттелмеген, ал ҚР Азаматтық-процестік кодексіне[5] тиісті өзгерістер енгізу жөнінде жүйелі ұсыныстар жоқтың қасы.

Жалпы алғанда, ЖИ технологиялары қазіргі уақытта шетелдік сот жүйелерінде сот практикасын автоматтандырылған талдау, электрондық құжат айналымы, дәлелдемелерді интеллектуалды өңдеу, сондай-ақ жеңілдетілген тәртіппен істерді шешу мақсатында қолданылып келеді [13].

Алайда мұндай технологияларды енгізу сот төрелігінің іргелі қағидаттарын заңдылықты, тараптардың теңдігін, соттың тәуелсіздігін, жарыспалылық пен ашықтықты қатаң сақтауды талап етеді. Бұл контексте басты міндет сот ісін жүргізудің технологиялық тиімділігі мен оның гуманитарлық (адами) құрамдасы арасындағы тепе-теңдікті сақтау болып табылады.

ЖИ алгоритмдері деректерді өңдеуді едәуір жылдамдатып, судьялардың жүктемесін жеңілдете алады, алайда олармен байланысты бірқатар елеулі тәуекелдер туындайды: алгоритмдік бейтараптықтың бұзылу қаупі, жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету қажеттілігі, сондай-ақ шешім қабылдау процесінде адам бақылауын сақтау мәселесі [14]. Бұл түйткілдер қазіргі таңда жаһандық деңгейде де өзектілігін жоғалтқан жоқ, өйткені ЖИ саласын құқықтық реттеуге қатысты бірізді халықаралық тәсіл қалыптаспаған.

Жасанды интеллект пен робототехникаға қатысты алғашқы заңнамалық актілердің

4 Протокол заседания Международного Совета при Верховном Суде Республики Казахстан от 11 марта 2022 года № 12 «О цифровизации правосудия: реалии, тренды, перспективы». // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39744192&pos=33;-42#pos=33;-42 (жүгінген күні: 26.08.2025)

5 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. Қазақстан Республикасының кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377 (жүгінген күні: 06.09.2025).

бірі ретінде 2008 жылы Оңтүстік Кореяда қабылданған «Ақылды роботтарды дамыту және тарату туралы» заңы [3; 23 б.] аталуға тұрарлық. Ал 2018 жылы Еуропа Кеңесі аясында қабылданған «Сот төрелігінде жасанды интеллект қолдану туралы этикалық хартия»[6] ЖИ технологияларын сот жүйесінде қолданудың негізгі қағидаттарын бекіткен алғашқы халықаралық құжат болып табылады. Бұл хартияда ЖИ қолданудың келесі қағидаттары атап көрсетілген: іргелі құқықтарды құрметтеу, кемсітпеуге жол бермеу, сапа мен қауіпсіздік, ашықтық пен бейтараптық, адам тарапынан бақылау, сондай-ақ дәстүрлі сот ісін жүргізу құқығы.

Әлемнің бірқатар мемлекеттері бұл бағытта өздерінің стратегиялық және құқықтық құжаттарын әзірлеуде. АҚШ-та 2011 жылы «Ұлттық робототехникалық бастама» және «Робототехниканы дамытудың жол картасы» қабылданды. Жапония 2015 жылы «Роботтардың жаңа стратегиясы» құжатын ұсынды. Қытай 2017 жылы ЖИ технологияларын дамытудың кешенді жоспарын бекітті. Бұл құжаттар ұлттық деңгейде ЖИ-ді қолданудың құқықтық негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда. Өйткені, кейбір елдер сот ісін жүргізуде жасанды интеллекті заңнамалық тұрғыдан бекіту бағытында қадамдар жасап жатыр. Шет елдердің тәжірибесі де мұндай бағыттың өзектілігін көрсетеді. Мысалы, Эстония 2019 жылдан бері «робот-судья» пилоттық жобасын іске қосты. Бұл жүйе шағын азаматтық дауларды (көбінесе қаржылық сипаттағы) автоматты түрде қарап, шешім шығару ұсыныстарын береді. Нәтижесінде, істерді қарау уақыты 40%-ға қысқарған. Сингапурда eLitigation және A.I.-powered Legal Assistant жүйелері арқылы талаптарды тіркеу мен құжат айналымын автоматтандырудың арқасында азаматтық сот процестері едәуір жеделдетілген. **Америка құрама штаттарында** Predictive Analytics құралдары кейбір штаттарда қолданылып, адвокаттар мен судьяларға сот шешімдерінің ықтималдығын алдын ала болжауға көмектеседі. **Ұлыбритания**да HMCTS (Her Majesty's Courts and Tribunals Service) жобасы аясында алгоритмдер сот процестері алдында тараптарға дауды шешудің ықтимал нәтижелері туралы болжамды ақпарат береді. Қытайда виртуалды соттар ЖИ және блокчейн технологияларының көмегімен істер қаралуда, «Smart Court» жобасы аясында сот отырыстары онлайн өтеді, дау тараптары ЖИ арқылы құжаттарды тапсырып, жауап ала алады. Бұл ауылдық аймақтарда сотқа қол жеткізу мәселесін шешуге ықпал етуде [3; 23 б.].

Ғылыми қауымдастық азаматтық сот ісін жүргізу контексінде ЖИ-дің екі негізгі түрін бөліп көрсетеді: 1) судьяларға шешім қабылдау процесінде көмек көрсететін жүйелер; 2) дербес шешім қабылдай алатын жүйелер [9; 178 б.]. Бұл ретте, қазіргі кезеңде ЖИ-дің «судьяның электрондық көмекшісі» ретіндегі рөлі неғұрлым орынды әрі ғылыми негізделіп отыр. Себебі, сот төрелігінің әлеуметтік маңыздылығы мен судьялардың тәуелсіздігі қағидаты (ҚР АПК-нің 12-бабы) адамның ақыл-ойы мен субъективті бағалауын шешім қабылдау процесінен алып тастауға мүмкіндік бермейді.

ЖИ жүйелерін көмекші құрал ретінде қолдану сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын арттыруға оң ықпал етуі мүмкін. Мәселен, істі қарауға дайындау кезеңінде ЖИ келесі функцияларды орындай алады: іс жүргізу құжаттарын қалыптастыру, сұрау салуларды дайындау, құқықтық ақпаратты құрылымдау және үлкен көлемдегі деректерді талдау. Сонымен қатар, сотқа түскен материалдарды тіркеу, сақтау және автоматты түрде өңдеу сот ісін жүргізу уақытын қысқартып, жалпы процестік тиімділікті арттыра алады.

Алайда, істі мәні бойынша қарау кезеңінде ЖИ жүйелерінің қолданылуы шектеулі болуы тиіс. Себебі заңды және негізделген шешім қабылдау судьяның ішкі сенімі мен дәлелдемелерді тікелей зерттеуіне байланысты (ҚР АПК-нің 224-бабы). Бұл жағдайда ЖИ шешім қабылдаушы емес, тек техникалық көмекші ретінде әрекет етуі тиіс. Сонымен қатар, судьяны ЖИ жүйесімен толықтай алмастыру этикалық және құқықтық тұрғыдан қолайсыз, мұндай бастамаларға қатысты скептикалық көзқарас басым [15; 37 б.]. ЖИ шешім қабылдауда адамның когнитивтік, моральдық және эмоционалдық қабылдауын алмастыра алмайды, бұл оның әділеттілік пен заң үстемдігі қағидаттарына

6 Европейская этическая хартия об использовании искусственного интеллекта в судебных системах и окружающих их реалиях. Принята на 31-м пленарном заседании ЕКЭП (Страсбург, 3-4 декабря 2018 года). // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35417997 (жүгінген күні: 06.09.2025).

толыққанды кепіл бола алмайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, алгоритмдер сыртқы факторларға сезімтал болуы мүмкін, бұл өз кезегінде әділетсіз шешімдерге әкелетін қауіптерді арттырады.

Дегенмен, сот бұйрығы тәрізді даусыз істер бойынша іс жүргізу барысында ЖИ-ді техникалық көмекші ретінде пайдалану орынды. ҚР АПК-нің 134-бабына сәйкес сот бұйрығы сот актісі болып табылады, жауапкерді және талап қоюшыны олардың түсіндірмелерін тыңдау үшін шақырмай-ақ және сот талқылауынсыз, даусыз талаптар бойынша шығарылады. Мұндай процестерде ЖИ үлгілік құжаттарды әзірлеу, оларды рәсімдеу және жөнелту функцияларын атқара алады. Сонымен қатар, ЖИ көмегімен сот аппаратының жұмысын оңтайландыру: істерді судьяларға автоматты түрде бөлу, процестік мерзімдерді бақылау және сот отырыстарының кестесін құру сияқты функциялар да жүзеге асырылуы мүмкін.

Сот отырыстары барысында ЖИ жүйелерін онлайн-процестерде хаттамалар дайындау, сот құжаттарын қалыптастыру және процеске қатысушыларға хабарламалар жіберу мақсатында пайдалану орынды. Сонымен қатар, Big Data технологияларын қолдану арқылы ЖИ сот практикасын талдау, құқық қолдану біркелкілігін қамтамасыз ету және жүйелі мәселелерді анықтау мүмкіндігін береді. Сот шешімдерін қайта қарау және оларды орындау кезеңінде ЖИ жүйелері ықтимал қиындықтарды болжап, орындаушылық рәсімдердің тиімділігін арттыруға көмектесе алады. Мысалы, борышкердің мүлкін табу, оның орналасқан жерін анықтау немесе сот актілерін орындау бойынша техникалық кедергілерді талдау мүмкіндігі артады. Осыны ескере отырып, ЖИ технологияларын азаматтық сот ісін жүргізуде көмекші құрал ретінде қарастыру орынды. Адам судьясының орнын алмастыру мүмкін емес және бұл жол құқықтық қауіпсіздік тұрғысынан да, биоэтикалық көзқарас тұрғысынан да қолайсыз болып табылады.

Әрдайым, сот талқылауы заңдылық, судьялардың тәуелсіздігі, тараптардың теңдігі мен жарыспалылығы сияқты азаматтық процестің негізгі қағидаттарына сүйенуі тиіс. Егер алгоритмдер судьяның субъективті бағалау құқығын шектеп, шешім қабылдау процесінде басымдыққа ие болатын болса, онда бұл жағдай аталған іргелі қағидаттардың сақталуына теріс әсер етуі мүмкін. Жасанды интеллект заңнамалық нормалар мен сот практикасын талдай алады, алайда азаматтық сот ісін жүргізу барысында жиі шешуші рөл атқаратын адами факторларды моральдық-этикалық нормаларды, әлеуметтік контекстті және құндылықтық бағдарларды ескере алмайды. Алгоритмдік шешімдер, мазмұны жағынан формалды түрде дұрыс болғанымен, нақты жағдайларда әділетсіз немесе құқықтық жағынан тиімсіз болып шығуы анық. Себебі, қоғам, әсіресе сот төрелігі сияқты әлеуметтік маңызы жоғары салада, жасанды интеллектке толық сенім артуға әлі дайын емес. Көптеген азаматтар мен заңгерлік қауымдастық өкілдері ЖИ-дің судьяны алмастыру немесе тіпті оған көмек көрсету әлеуетіне күмәнмен қарайды [16; 419 б.]. Мұндай скептицизм, атап айтқанда, 2024-2029 жылдарға арналған Жасанды интеллекті дамыту тұжырымдамасын[7] іске асыру шеңберінде мемлекет пен қоғам алдында адам құқықтарын сақтау тұрғысынан жаңа тәуекелдер мен проблемалардың туындайтынын көрсетеді.

Сонымен, ЖИ-ді азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіне енгізуде оның құқықтық табиғатын анықтау, оны дербес құқықтық субъект ретінде тану немесе тек технологиялық құрал ретінде қарастыру ғылыми пікірталастың негізгі түйіні болды. Бұл мәселе құқық теориясында құқықтық субъектіліктің мәніне сүйенуге әкеп соғады, яғни құқықтар мен міндеттерді иелену, әрекет қабілеті мен оларды жүзеге асыру мүмкіндігінің баржоғын бағалауды талап етеді. Қазіргі кезеңде ЖИ автономды талдау және модельдеу функцияларын орындай алатын болса да, құқықтық жауапкершілікті өз бетінше көтере алмайды және құқықтық ерік білдіру қабілетіне ие емес. Сол себепті ЖИ азаматтық сот ісінде дербес құқықтық субъект ретінде емес, судья қызметін техникалық және талдамалық тұрғыдан қолдайтын көмекші цифрлық құрал ретінде қарастырылуы орынды.

Осы тұста, континенталдық құқық жүйесіне тән заң үстемдігі, судьяның ішкі сенімі және процестік дербестік қағидаттары шешім қабылдаудың түпкілікті жауапкер-

7 «Жасанды интеллекті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (жүгінген күні: 16.08.2025).

шілігін адам-судьяның құзырында қалдыруды талап етеді [16; 419]. Сондықтан ЖИ-дің мәртебесі «электрондық көмекші» моделі шеңберінде айқындалуы тиіс. Бұл тәсіл технологиялық тиімділік пен құқықтық кепілдіктер арасындағы теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді.

Түйіндей келе, зерттеу барысында жасанды интеллектің азаматтық сот ісін жүргізудегі құқықтық табиғаты құралдық модель шеңберінде тану, «судьяның электрондық көмекшісі» тұжырымдамасын азаматтық іс жүргізу заңнамасы деңгейінде бекіту, сондай-ақ процестік қағидаттар заңдылық, теңдік, сот тәуелсіздігі және әділдік пен алгоритмдік шешім қабылдау арасындағы өзара байланыс теориялық тұрғыдан негізделді. Осылайша, зерттеу нәтижесінде

технологиялық мүмкіндіктерді сипаттаумен шектелмей, жасанды интеллекті азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіне енгізудің құқықтық табиғаты мен қолданылу шектерін айқындайтын ұсынымдар әзірленді.

Қорытынды

Зерттеу көрсеткендей, азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу бірнеше артықшылықтар мен практикалық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Біріншіден, ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдалану құқықтық құжаттарды талдау, іс жүргізу құжаттарын автоматтандырылған түрде дайындау, дәлелдемелерді құрылымдау және құқық қолдану практикасын жүйелеу сияқты күнделікті операциялық міндеттердің тиімділігін арттырады. Бұл судьялар мен сот аппараты қызметкерлерінің жүктемесін азайтып, істерді қарау мерзімін қысқартуға ықпал етеді.

Екіншіден, ЖИ құқықтық талдаудың сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Жүйелер сот практикасын терең талдай отырып нақты құқықтық нормаларды айқындай алады және жинақталған тәжірибе негізінде шешім қабылдаудың балама нұсқаларын ұсынып, әсіресе күрделі даулы істерді шешуде маңызды құрал бола алады.

Үшіншіден, алгоритмдік шешім қабылдау судьяның субъективті ықпалын азайтып, сот актілерінің бейтараптығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Бұл сот төрелігінің әділдігін арттыруға және сот процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Төртіншіден, ЖИ технологиялары сот процесін цифрландыру арқылы рәсімдерді оңтайландырып, азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Автоматтандырылған құқықтық көмек құралдары, соның ішінде чат-боттар, азаматтарға талап арыздар мен басқа процестік құжаттарды дайындауда қолдау көрсетеді, бұл құқықтық көмекті өз бетінше алу қажеттілігі бар тұлғалар үшін маңызды.

Бесіншіден, ЖИ жүйелері бұрынғы сот шешімдері, заңнамалық өзгерістер және нақты істердің сипаттамалары негізінде сот дауының ықтимал нәтижелерін болжауға мүмкіндік беріп, судьялар шешім қабылдауда қосымша ақпараттық негіз қалыптастырады.

Осы артықшылықтарды тиімді және құқықтық қауіпсіз жолмен жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 5-1 тарауына төмендегідей редакцияда 56-5-бапты енгізу ұсынылады:

56-5-бап. Судьяның электрондық көмекшісі

Судьяның электрондық көмекшісі судьяға сот процесін дайындау мен ұйымдастыруда, сондай-ақ соттың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің көмегімен сот актілерінің жобаларын дайындауда көмек көрсетеді. Судьяның электрондық көмекшісінің сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі функцияларды орындауға құқығы жоқ.

Мұндай құқықтық модель технологиялық тиімділікті және сот процесінің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктерді теңгеруге мүмкіндік береді және ең заманауи технологиялармен жабдықталған, әділ әрі тиімді сот жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, зерттеу ЖИ технологияларын азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіне енгізудің практикалық тиімділігін, құқықтық негіздерін және сот процесінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеді. Бұл ұсыныстар Қазақстандық азаматтық сот ісін цифрлық трансформациялау стратегиясына ғылыми негіз болып қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Van Noordt C., & Misuraca G. Artificial intelligence for the public sector: Results of landscaping the use of AI in government across the European Union // Government Information Quarterly. – 2022. – Vol. 39 (3). – P. 101714. doi: 10.1016/j.giq.2022.101714.

2. Сактаганова И. С., Мицкая Е. В., Сактаганова А. Б. Применение искусственного интеллекта при отправлении правосудия: перспективы и вызовы // Вестник Института законодательства и правовой информации РК. – 2025. – Том 80, № 1. – С. 68-80. DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_1_68

3. Досаев Т. Б. Азаматтық процестегі дәлелдемелік базаны цифрландыру: Қазақстан Республикасы соттарының практикасы // Сот төрелігі академиясының Хабаршысы. – 2025. – № 3 (11). – Б. 79-93.

4. Русакова Е. П. Воздействие цифровизации на гражданское судопроизводство в России и за рубежом: опыт Китая, Индии, Сингапура, Европейского Союза, США, ЮАР и некоторых других стран // автореф. дис.... д-ра юрид. наук. М. – 2022. – С. 30-32.

5. Laskowska-Hulisz A. Artificial intelligence (AI) in civil proceedings–selected issues //Law–Society–Democracy. – 2025. – С. 131.

6. Petrovskyi A., Kyrdan B., Kutsyk K. Implementation of artificial intelligence in civil proceedings: Experience of EU countries //Scientific Journal of the National Academy of Internal Affairs. – 2025. – Т. 30. – №. 1. – С. 45-59.

7. Комиршинов М. Г. Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: реализация задач цифровой трансформации в свете Послания Главы государства // URL: https://zanmedia.kz/kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-realizacziya-zadach-czifrovoj-transformaczii-v-svete-poslaniya-glavy-gosudarstva/150012/ (жүгінген күні: 21.08.2025).

8. Сидорова Н. Казахстанская модель цифровизации судебной власти // Цифровые технологии и право. – 2025. – № 1 (1). – С. 411-416.

9. Дрозд Д. О. Процессуальные формы использования элементов искусственного интеллекта в современном арбитражном и гражданском судопроизводстве: дис. . канд. юрид. наук. – Москва, 2024. – 249 с.

10. «Сот жүйесі ғалымдарының диалогы» I-Халықаралық форумының материалдары. – Тараз: Халықаралық Тараз инновациялық институтының баспасы, 2021. – 368 б.

11. Чуча С. Ю. Проблемы и перспективы внедрения элементов искусственного интеллекта в регулирование трудовых отношений // Проблемы трудового и социального права в условиях цифровой трансформации общества: сб. науч. трудов / редкол.: К. Л. Томашевский (отв. ред.) [и др.]. – Минск: Междунар. ун-т «МИТСО», 2023. – 229 с.

12. Мергалиев А. Цифровая трансформация судебной системы // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33721279&pos=6;-108#pos=6;-108 (жүгінген күні: 26.08.2025).

13. Что такое искусственный интеллект? // URL: https://forklog.com/cryptorium/ai/chto-takoe-iskusstvennyj-intellekt (жүгінген күні: 06.09.2025).

14. Искусственный интеллект: что это такое и где он используется? // URL: https:// digitalocean.ru/n/iskusstvennyj-intellekt (жүгінген күні: 06.09.2025).

15. Сидорова Н. В., Бегалиев Е. Н. Жасанды интеллект технологияларының негізінде судьяларды конкурсты іріктеу процесін автоматтандыру және кадрлық резервті қалыптастыру // Сот төрелігі академиясының Хабаршысы. – 2025. – № 3 (11). – Б. 27-39.

16. Rahbari E., Shabanpoor A. The Challenges in Employing of AI Judge in Civil Proceedings // Legal Research Quarterly. – 2023. – № 25. Special Issueof Law & Technology. – С. 419-444.

REFERENCES:

1. Van Noordt C., & Misuraca G. Artificial intelligence for the public sector: Results of landscaping the use of AI in government across the European Union // Government Information Quarterly. – 2022. – Vol. 39 (3). – P. 101714. doi: 10.1016/j.giq.2022.101714.

2. Saktaganova I.S., Mickaja E.V., Saktaganova A.B. Primenenie iskusstvennogo intellekta pri otpravlenii pravosudija: perspektivy i vyzovy // Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii RK. – 2025. – Tom 80, №1. – S. 68-80. DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_1_68

3. Dosaev T.B. Azamattyq procestegi dəleldemelik bazany cifrlandyru: Qazaqstan Respublikasy sottarynyn praktikasy // Sot töreligi akademijasynyn Habarshysy. – 2025. – № 3(11). – B. 79-93.

4. Rusakova E.P. Vozdejstvie cifrovizacii na grazhdanskoe sudoproizvodstvo v Rossii i za rubezhom: opyt Kitaja, Indii, Singapura, Evropejskogo Sojuza, SShA, JuAR i nekotoryh drugih stran //Indii, Singapura, Evropejskogo sojuza, SShA, JuAR i nekotoryh drugih stran: avtoref. dis.... d-ra jurid. nauk. M. – 2022. – S. 30-32.

5. Laskowska-Hulisz A. Artificial intelligence (AI) in civil proceedings–selected issues //Law–Society–Democracy. – 2025. – S. 131.

6. Petrovskyi A., Kurdan B., Kutsyk K. Implementation of artificial intelligence in civil proceedings: Experience of EU countries //Scientific Journal of the National Academy of Internal Affairs. – 2025. – T. 30. – №. 1. – S. 45-59.

7. Komirshinov M.G. Kazahstan v jepohu iskusstvennogo intellekta: realizacija zadach cifrovoj transformacii v svete Poslanija Glavy gosudarstva. // URL: https://zanmedia.kz/kazahstan-v-epohu-iskusstvennogo-intellekta-realizacziya-zadach-czifrovoj-transformaczii-v-svete-poslaniya-glavy-gosudarstva/150012/ (zhygingen kyni: 21.08.2025).

8. Sidorova N. Kazahstanskaja model' cifrovizacii sudebnoj vlasti. // Cifrovye tehnologii i pravo. – 2025. – № 1(1). – S. 411-416.

9. Drozd D.O. Processual'nye formy ispol'zovanija jelementov iskusstvennogo intellekta v sovremennom arbitrazhnom i grazhdanskom sudoproizvodstve: dis. . kand. jurid. nauk. – Moskva, 2024. – 249 s.

10. «Sot zhүjesi ғalymdarynyң dialogy» I-Halyқaralyқ forumynyң materialdary. – Taraz: Halyқaralyқ Taraz innovacijalyқ institutynyң baspasy, 2021. – 368 b.

11. Chucha S.Ju. Problemy i perspektivy vnedrenija jelementov iskusstvennogo intellekta v regulirovanie trudovyh otnoshenij // Problemy trudovogo i social'nogo prava v uslovijah cifrovoj transformacii obshhestva: sbornik nauch. trudov / redkol.: K.L.Tomashevskij (otv. red.) [i dr.]. – Minsk: Mezhdunar. un-t «MITSO», 2023. – 229 s.

12. Mergaliev A. Cifrovaja transformacija sudebnoj sistemy. // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33721279&pos=6;-108#pos=6;-108 (zhygingen kyni: 26.08.2025)

13. Chto takoe iskusstvennyj intellekt? // URL: https://forklog.com/cryptorium/ai/chto-takoe-iskusstvennyj-intellekt (zhygingen kyni: 06.09.2025).

14. Iskusstvennyj intellekt: chto jeto takoe i gde on ispol'zuetsja? // URL: https:// digitalocean.ru/n/iskusstvennyj-intellekt (zhygingen kyni: 06.09.2025).

15. Sidorova N.V, Begaliev E.N. Zhasandy intellekt tehnologijalarynyң negizinde sud'jalardy konkursty irikteu procesin avtomattandyru zhәne kadrlyқ rezervti қalyptastyru // Sot tөreligi akademijasynyң Habarshysy. – 2025. – № 3(11). – B. 27-39.

16. Rahbari E., Shabanpoor A. The Challenges in Employing of AI Judge in Civil Proceedings // Legal Research Quarterly. – 2023. – № 25. Special Issueof Law & Technology. – S. 419-444.